

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Салық кодексі салықтық өкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан 5 пайыз, 2027 жылдан 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медицина-

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ БАР?

лық сақтандыру (МӘМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (40 миллион теңге) төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетіледі. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлем-ақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданыла-



ды: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі. Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бәйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі.

Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі

қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық өкімшілендіру төсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезек-кезеңімен қолданылады.

Кодекс 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Шолаушы.

Парижде өткен ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра комитетінің 47-сессиясы барысында «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы ресми түрде қолдау тапты. Бұл шешім – ежелгі Түркістанның тарихи, мәдени және табиғи мұраларын сақтау жолындағы елдің ұстанымының халықаралық деңгейде мойындалуы.

Болгария төрағалығымен өткен сессияда Қазақстан делегациясы белсенділік танытты. Ел атынан барған делегация құрамында Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов арнайы жұмыс сапарымен қатысты. Ол өз сөзінде өңірдің өзекті мәселелеріне – атап айтқанда, халықты таза ауызсумен қамту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Біз ЮНЕСКО сарапшыларының 2024 жылы Түркістан облысына жасаған мониторингтік миссиясы кезінде айтылған ұсыныстарын толық ескердік. Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – біздің басты басымдығымыз. Өкінішке қарай, қазіргі қолжетімді су көздері жеткіліксіз және сапасы стандарттарға сай емес. Бұл – тұрғындардың денсаулығына тікелей әсер ететін фактор. Сондықтан мұндай халықаралық кездесулерде өңірдің нақты проблемаларын көтеру – аса маңызды, – деді Зұлпыхар Сансызбайұлы.

Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан 2016 жылы ЮНЕСКО тізіміне енгізген Батыс Тянь-Шань аймағы –

ТҮРКІСТАНҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЛДАУ: ЮНЕСКО ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ҚҰПТАДЫ



бірегей экожүйесімен әлемге танымал. Оның құрамына Түркістан облысындағы «Ақсу-Жабағылы» мен «Қаратау» мемлекеттік қорықтары, сондай-ақ «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі кіреді. Бұл – халықаралық қауымдас-тықтың аймақтың экологиялық маңыздылығын мойындағанының дәлелі.

Сессия қорытындысында Дүниежүзілік мұра тізіміне 26 жаңа нысан енгізіліп, тіркелген 248 нысанның сақталу жағдайы талқыланды. Қазақстанға

тиесілі 4 нысанның бірі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі де осы есепке енгізілді. Сонымен қатар Батыс Тянь-Шань, Тұран шөлдері және Жібек Жолының Чанъянь-Тянь-Шань дәлізі де қамтылды.

“Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы” заң – халықаралық талаптарға сай

Комитет «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңның қабылдануын жоғары бағалап, ондағы бірқатар қағидаттарға оң пікір

білдірді. Атап айтқанда, заң аясында:


- мәдени мұраны сақтау,
- тұрақты туризмді дамыту,
- қала аумағында құрылыс салуға қатысты нақты шектеулер енгізу (кесенеден 100 метр қашықтықта биіктігі 7 метрден асатын нысандарға тыйым) сияқты ережелер қамтылған.

Қазақстан делегациясы өз баяндамасында осы заңда 1972 жылғы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраны қорғау жөніндегі Конвенциясына бірнеше рет сілтеме жасалғанын, өрі Түркістан қаласының дамуы халықаралық нормаларға сай жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Бұл шешім – Түркістанның халықаралық аренадағы беделінің артып, оның тарихи және мәдени маңызын сақтау жолында мемлекет тарапынан атқары-

лып жатқан жұмыстардың оң бағаланғанының белгісі. Сонымен қатар, бұл Түркістанды одан әрі дамытудың, инфрақұрылымын жетілдірудің және туристік әлеуетін арттырудың жаңа кезеңі болмақ.

Бағлан Байкөбекқызы.



«ТОБЫЛ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Қостанайда Қазақстанның солтүстігіндегі ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Тобыл» жаңа көлік-логистикалық кешенінің құрылысы ресми түрде басталды. Нысан қала аумағында орналасады және Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген транзиттік стратегияны жүзеге асырудың негізгі нүктесіне айналмақ, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Іске қосу рәсіміне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, «Кедентранссервис» АҚ Бас директоры Елнар Жұматаев және Allug компаниялары директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев қатысты.

Жоба «Кедентранссервис» АҚ қатысуымен, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қолдауымен жүзеге асырылуда. Логистикалық кешеннің аумағы 133,6 гектарды құрайды, инвестицияның жалпы көлемі – 64 млрд теңге. «Тобыл» КЛК жобалық қуаты – жылына 400 мың жиырма футтық контейнерге (ЖФЭ) дейін немесе 11 млн тоннадан астам жүк. Кешен логистерді, операторларды, IT мамандарды, қызмет көрсетуші персонал мен жас мамандарды жұмысқа орналастыру мақсатында 500 жаңа жұмыс орнын құратын болады.

Ұлттық масштабтағы Хаб және болашақ инфрақұрылымы

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев іске қосу рәсімінде сөйлеген сөзінде жобаның маңызы туралы айтып өтті.

«Біз жай ғана логистикалық хаб салып жатқан жоқпыз, елдің жаңа экономикалық географиясының берік негізін қалап жатырмыз. «Тобыл» логистика, цифрландыру, білім және индустрия тоғысқан зияткерлік алаңға айналады. Мұнда жастар үшін жаңа құзырет, жаңа жұмыс орындары құрылмақ. Бұл – аймақтық емес, ұлттық жоба, бүкіл елдің өркендеуінің катализаторы. Кешен Қазақстанның жаһандық жеткізу тізбегіндегі

позициясын нығайтып, бизнес, инвесторлар үшін және осында, өз отанында өсіп, дамығысы келетін адамдар үшін жаңа көкжиектер ашады», – деді Премьер-министрдің орынбасары.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдау 16,8 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сөйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға артық. «Тобыл» КЛК іске қосылуы алдағы жылдары осы көрсеткіштерге қосымша серпін береді деп күтілуде.

Аймақтың индустриалды кластері үшін негіз

«Жаңа кешен кәсіпорындар үшін логистикалық шығындарды төмендетуге, экспортқа бағдарланған өндірістерді дамытуға және өңдеу секторына жаңа инвестициялар тартуға және жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасайды. Біз «Тобыл» көлік-логистикалық кешені бизнес үшін тартымдылық нүктесіне айналатынына және өңірдің одан әрі өнеркәсіптік дамуына серпін беретініне сенімдіміз», – деп атап өтті «Тобыл» көлік-логистикалық кешенінің директоры Айдын Әлімов.

Кешен Қытай, Орталық Азия, Түркия, Иран, Ауғанстан және Еуропаны байланыстыратын халықаралық көлік дәліздеріне біріктіріледі. «Солтүстік Қазақстан – Оңтүстік Орал» бағыты бойынша да, ҚХР бағытында да жүк айналымының артуы күтілуде. Кешен аумағында «Бәрі бір жерде» қағидаты бойынша терминалдар, қоймалар, кедендік рәсімдеу, IT және сервистік аймақтар орналасатын болады. Нақты уақытта жүктерді бақылаудың сандық жүйесі қамтамасыз етілген. Құрылысты аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

Жобаны жүзеге асырудың өзектілігі

Қостанай облысы еліміздің басты индустриялық орталықтарының бірі ретінде мәртебесін бекітуде. Тек 2025 жылдың өзінде қуаттылығы жылына 70 мың автокөлікті құрайтын KIA зауытын, жалпы қуаттылығы 220 мың бірліктен асатын автокомпоненттер мен жиынтықтаушылар өндіретін кәсіпорындарды іске қосу жоспарланған. Ал дамыған логистикасыз мұндай кластер мүмкін емес. «Тобыл» көлік-логистикалық кешені аймақта өндірілетін өнімдердің тұрақты экспортының жүйелі инфрақұрылымдық тірегі болмақ және еуразиялық кеңістіктегі ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

270.00 НЫСАНДЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ОНЛАЙН-ТАПСЫРУ EGOV.KZ ЖӘНЕ EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ

Жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңіне жататын қазақстандықтар 270.00-нысан бойынша кірістер мен мүлік туралы декларацияны 15 қыркүйекке дейін тапсыруы тиіс. Мұны eGov.kz порталы және eGov Mobile қосымшасы арқылы онлайн режимде жасауға болады. Декларацияны мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға міндетті. Есептілік активтер мен міндеттемелер туралы «кіріс» декларациясы (250.00-нысан) тапсырылғаннан кейін ұсынылады.

270.00 нысаны кіріс туралы ақпаратты, сондай-ақ шетелдегі мүлік: жылжымайтын мүлік, көліктер, бағалы қағаздар, цифрлық активтер, инвестициялық алтын және шетелдік компаниялардағы үлестер туралы мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама шеңберінде ірі сатып алулар мен

шығындарды жабу көздері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қызметті eGov.kz порталында пайдалану үшін пайдаланушыға:

порталға авторизацияланып, «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Салық салу» бөліміне өтуі қажет;

«Жеке тұлғаның кірістері мен мүлік туралы декларацияны қабылдау (270.00-нысан)» қызметін таңдаңыз және қажетті деректерді толтырыңыз.

мемлекеттік кіріс органын көрсетіңіз.

қолжетімді қол қою әдістерінің бірі арқылы қызметке қол қойыңыз;

«Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен өзіңіздің жеке кабинетіңіздегі өңдеу мәртебесін қарап тексеріңіз.

Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасына авторизациялауды жасап, «Қызметтер» бөлімінде «Салық және қаржы» бөліміне

өтуі қажет;

«Жеке тұлғаның кірістері мен мүлік туралы декларацияны қабылдау (270.00-нысан)» қызметін таңдап, қажетті деректер нысанын толтырыңыз; мемлекеттік кіріс органын көрсетіңіз;

қолжетімді қол қою әдістерінің бірі арқылы қызметке қол қойыңыз;

«Қызметтерді алу тарихы» бөліміндегі жеке кабинетіңіздегі өңдеу мәртебесін тексеріңіз. Сондай-ақ, декларацияны kgd.gov.kz порталында және eSalyq Azamat мобильді қосымшасында «Салық төлеуші кабинеті» арқылы тапсыруға болады.

Көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қаржы министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

113 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТАЛАПКЕР БІЛІМ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ БЕРДІ



113 мыңға жуық талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берді. Өткен жылмен салыстыратын болсақ, 2024 жылы 104 мыңнан астам өтініш қабылданған болатын, деп хабарлайды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Биыл бакалавриатқа түсу үшін 77 мыңнан астам грант бөлініп отыр. Гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттарға бөлінген. «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша 150 сараланған гранттар қарастырылған. «Серпін» бағдарламасы бойынша – 2 412 грант. Гранттар тізімінде Атырау және Маңғыстау облысы түлектеріне арналған 2 500 мақсатты

білім беру гранты бар.

Соңғы бірнеше жыл бойы ең сұранысқа ие білім беру бағыттары бойынша талапкерлердің таңдауы өзгеріссіз қалып отыр. Өтініштердің көпшілігі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сияқты бағыттарға берілді. Қабылдау науқанының нәтижесіне сөйкес болашақ аудармашылар, мұғалімдер, психологтар, дизайнерлер және заңгерлер арасында бір гранттық орынға ең үлкен конкурс күтілуде.

Гранттар тағайындау жөніндегі шешімді Республикалық конкурстық комиссия қабылдайды. Оның құрамына ҚР Парламент депутаты, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін жарияланады.

Ал жоғары оқу орындарына қабылдау, өдеттегідей, 25 тамызда аяқталады.

ТАУ КЕН КЕШЕНІ БЕЛСЕНДІ ЦИФРЛАНДЫРЫЛУДА

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Үкімет отырысында тау-кен кешенін цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады, деп хабарлайды Ukimet телеграм арнасы.

Ол есепті жылы азаматтар мен ұйымдарға тау-кен саласында 15 мемлекеттік қызмет қолжетімді болғанын, оның 14-і онлайн-форматта екенін атап өтті. Бір жыл ішінде барлығы 979 млн қызмет көрсетілді, оның 919 млн-ы электронды түрде, бұл жалпы санның 87,6%-н құрайды.

Келесі мемлекеттік қызметтер үлкен сұранысқа ие болды: Тау-кен және химиялық өндірістерді пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру. Барлығы 462 қызмет көрсетілді.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында немесе одан тыс жерлерде тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру. Барлығы 437 қызмет көрсетілді.

Геологиялық және (немесе) тау-кен бөлімдерін беру және қайта ресімдеу. Барлығы 55 қызмет көрсетілді.

Сонымен қатар министр тау-кен саласын одан әрі цифрландыру бойынша жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстарды айтты. ЦДИАӨМ ұсынымдары:

Цифрландыруды және индустрияны енгізуді жеделдету 4.0.

Кен орындары орналасқан шалғай өңірлердегі өнеркәсіптік кәсіпорындарды сенімді IoT-байланыспен және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету. Бұған тұрақты және тиімді жұмыс істеу үшін 5G технологиясын немесе спутниктік шешімдерді енгізу кіреді.

Экологиялық мониторинг үшін, оның ішінде шығарындыларды, судың ластануын және қоршаған ортаның жалпы жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылау үшін жасанды интеллект негізінде сенсорлар мен шешімдерді белсенді енгізу.



Бетті жинақтап, дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

ОҚУШЫЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЛЕТТЕ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

Қазақстанның жас құтқарушылары халықаралық деңгейде өздерінің батылдығы мен кәсіби машығын дәлелдеді. Шымкент қаласынан келген «Жас құтқарушылар» командасы Беларусь Республикасының Минск облысындағы «Зубренок» ұлттық балалар білім беру-сауықтыру орталығында өткен XVIII халықаралық жас өрт сөндіруші-құтқарушылар слетінде жүлделі үшінші орынға ие болды.

2025 жылғы 8–16 шілде аралығында өткен бұл беделді байқауға Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Ресей және Өзбекстаннан келген үздік командалар қатысты. Қазақстан намысын қорғаған жас құтқарушылар жарыс барысында жоғары физикалық дайындықты, шеберлікті және командалық әрекет етудегі үйлесімділікті көрсетті.

Қатысушылар 8 күн бойы «Арқан қалашығы», «Өрт эстафетасы», «Су-



дағы эстафета», «Алғашқы көмек», «International Talents 4 Safety», «Спортландия» және басқа да байқауларда бақ сынасты. Әр сайыс

өмірлік маңызды дағдыларды меңгеруге бағытталып, төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл әрекеттерді тиімді ұйымдастыруды үйретті.

Қорытынды бойынша 1-орынды Беларусь командасы, 2-орынды Ресей Федерациясының командасы, ал 3-орынды Қазақстан командасы жеңіп алды. Бұл жеңіс – еліміздегі жастардың құтқарушылық қызметке деген қызығушылығының артып, қауіпсіздік мәдениетінің нығайып келе жатқанының айқын дәлелі.

Халықаралық слетке қатысу жасөспірімдер үшін тек жарыс қана емес, құтқару ісінің негіздерін меңгеруге, жаһандық өріптестік орнатуға және басқа елдердің мәдениетімен танысуға мүмкіндік берді. Олар баға жетпес тәжірибе жинап, болашақта кәсіби құтқарушы болуға бір қадам жақындай түсті.

Қазақстан құрамасын шын жүректен құттықтай отырып, олардың халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғағаны үшін алғыс білдіреміз. Жас құтқарушыларға жаңа биіктер мен жарқын жеңістер тілейміз!

Ұ.ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

ШЫМКЕНТТІК ӨРТ-ҚҰТҚАРУШЫЛАР - РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ КӨШБАСЫНДА

2025 жылғы 16–19 шілде күндері Қостанай облысының Тобыл қаласында өрт сөндіру-құтқару спортынан Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаттары өтуде. Бұл жарыстар – құтқару саласындағы шеберлік пен шыдамдылықтың шынайы сынға түсетін алаңы. Чемпионатқа еліміздің әр өңірінен келген үздік спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтауда.

Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің спортшылары жарыста жоғары нәтиже көрсетіп, бірнеше жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, жасөспірім ұлдар арасындағы XIV жазғы чемпионат аясында 100 метрлік кедергілер жолағында орта топ бойынша Шевцов Кирилл өз шеберлігін көрсетіп, I орынды жеңіп алды.

Ерлер арасындағы XXXI жазғы чемпионаттың осы санатында Мауланов Сарвар

жылдамдығы мен кәсібилігін дәлелдеп, 100 метрлік кедергілермен жүгіруде I орынды иеленді.

Ал әйелдер арасындағы XI жазғы чемпионатта шабуыл сатысымен оқу мұнарасының 2-қабатына көтерілу кезеңінде Салмина Валентина II орынға ие болып, үздіктер қатарынан көрінді.

Бұл жетістіктер – спортшылардың қажырлы еңбегі мен тұрақты жаттығуларының нәтижесі ғана емес, сонымен қатар құтқарушылық кәсіптің ел қауіпсіздігі үшін қаншалықты маңызды екенін көрсететін айқын мысал. Жарысқа қатысушылар өз дене дайындығын ғана емес, рухани беріктігін де дәлелдеді.

Шымкенттік спортшыларды осы жарқын жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздер – еліміздің қауіпсіз болашағының тірегісіздер. Жеңістеріңіз еселене берсін!

Әлия ҚҰРАЛБЕК.

ҚАЛАДА ҮШ ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Отбасы – адамзат үшін ең қастерлі құндылықтың бірі. Оның іргесі берік, шаңырағы биік болса ғана елдің демографиялық ахуалы жақсарып, қоғам дамуының берік негізі қаланады. Алайда, өкінішке қарай, әлеуметтік және тұрмыстық қиындықтарға байланысты кейбір отбасыларда татулықтың шырқын бұзатын жайттар орын алуда. Соның салдарынан бейкүнә сәбилердің тағдырына көлеңке түсіп, олар ерте жасынан қиындық көріп өсуде.

Бұл мәселе ешқашан қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс. Себебі отбасындағы тұрақсыздық – тұтас ұлттың болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Шымкентте тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында кешенді шаралар қолға алынуда. Қалалық Полиция департа-

менті бұл мәселе бойынша түскен әрбір шағым жігі бақылауға алынатынын мәлімдеді. Әйелдер мен балаларды қорғау, отбасындағы жанжалдарды азайту шаралары туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында кеңінен айтылды.

Мамандардың айтуынша, жаңа бөлім ашылғаннан бері жұмыс қарқыны артқан. Қазір төуекел тобына жататын отбасылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, зардап шеккендерге құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету жолға қойылған.

Полиция лейтенанты Диана Сахибекованың айтуынша, тұрмыстық жанжал туралы хабарлардың бірқатары балалардан түсіп жатады. Олар анасына әкесінің қол көтеріп жатқанын айтып, көмек сұрайды. Әрбір дабыл назарға алынып, мекенжай анықталған соң тиісті инспекторға жолданады.

Стандартты алгоритм бойынша отбасының әлеуметтік жағдайы зерттеледі, балдық шкаламен есеп жүргізіледі.

– Жанжалдың негізгі себептері – жұмыссыздық пен материалдық жетіспеушілік. Ер адамдардың бос уақытын ішімдікке жұмсауы да жиі кездеседі. Сонымен қатар ене мен келін, қайыната мен келін, әке мен бала арасындағы жанжалдар да бар, – дейді Диана Сахибекова.

Шаһарда бүгінде зорлық-зомбылықпен айналысатын арнайы 20 қызметкер бес ауданға бөлінген. Департаментте тағы 11 маман жұмыс атқарады. Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Ердеуіт Ниязовтың айтуынша, негізгі проблемалар – маскүнемдікке салынған күйеулердің жұбайлары мен балаларына күш қолдануы.

– Мұндай жағдайда біз тиісті ведомстволармен бірлесіп жұмыс істейміз. Атап айтқанда, білім, спорт және денсаулық басқармалары, отбасылық қолдау орталығы, прокуратура өкілдерімен бірге ай сайын дөңгелек үстел өткіземіз. Онда әрбір оқиға жеке қаралып, шешу жолдары талқыланады, – дейді спикер.

Қазіргі таңда қалада үш дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Онда зардап шеккен әйелдер бала-шағасымен бірге алты айға дейін тегін тұра алады. Мұндай көмекті қажет ететін отбасылар қатары көп.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу – тек полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс жалғасады, бірақ мәселенің түбегейлі шешілуі отбасылық қарым-қатынасты нығайту мен әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей байланысты.

Әйгерім

АБДУЛЛАҚЫЗЫ.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ДІНИ ҚАУІПСІЗДІК

Үшінші мегаполисте дін саласындағы саясатты іске асыру және діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында маңызды іс-шара өтті. «Дін саласындағы өзекті мәселелер мен оның шешу жолдары бойынша өңіраралық тәжірибе алмасу» атты республикалық семинар-конференцияның басты мақсаты – аймақтарда жинақталған

тиімді тәжірибемен өзара бөлісу, дін саласындағы күрделі мәселелерді бірлесіп талқылау және жат діни ағымдар таралуының алдын алуда өңіраралық өзара іс-қимылды күшейту болды.

Ауқымды шараға еліміздің түкпір-түкпірінен дін істері басқармаларының басшылары мен дін мәселелері жөніндегі орталықтардың директорлары арнайы қатысып, саланың көкейтесті түйткілдері мен оларды шешу жолдарын ортаға салды.

Конференция барысында қатысушылар «Әкімшілік құқық бұзушылықтар аясында діни қызметті реттеу: өзекті мәселелер мен шешу жолдары», «Интернет кеңістігінде діни қауіпсіздікті қамтамасыз ету: жаңа сын-қатерлер және шешімдер», «Интернеттегі діни құқық бұзушылықтар: мониторинг және әрекет ету жолдарын талқылады.

Айта кетейік, бүгінде интернет кеңістігіндегі діни ақпараттар қатаң бақылауға алынған. Осы орайда мамандар интернет арқылы тара-

латын діни мазмұнның заң аясында сараланып, рұқсат етілмеген материалдарды таратқандарға қатысты 25-100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл салынатынын еске салды. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды тиімді үйлестіру жолдарын, Ақпараттық және әдістемелік тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін жан-жақты талқылады. Сонымен қатар әр өңірден келген делегаттар өз аумақтарында іске асырылған нәтижелі жобалар мен озық бастамалар туралы баяндап, өзара тиімді әдістермен бөлісті. Семинар соңында дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни радикализмнің алдын алу және қоғамда рухани келісімді нығайту мақсатында бірқатар ұсынымдар қабылданды.

Бұл басқосу – ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген дін саласы мамандарының тәжірибе алмасуына мүмкіндік берумен қатар, ұлттық бірлік пен қоғамдық тұрақтылықты сақтау жолындағы жұмыстарға тың серпін беретін маңызды қадам болды.

Гаухар АЛДАБЕРГЕН.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ - АУЫП ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ПОКОМОТИВИ



Өңір еліміздің агросаласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатарда келеді. Түркістан облысы еліміздің агроөнеркәсіп кешені бойынша белгіленген мақсатты индикаторларды орындауда көшбасшылар қатарында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға дейінгі ауыл шаруашылығы саласын дамыту жөніндегі жол картасы бекітілген болатын. Жол картасы аясындағы негізгі 10 индикатордың орындалуы Түркістан облысында қарқынды жүзеге асуда.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен кеңейтілген мәжілісте агросаланы дамыту көрсеткіштері егжей-тегжейлі талқыланды. Мәжіліс барысында жоспарды кешіктірген аудан және қала әкімдерінің есебі тыңдалып, нақты тапсырмалар берілді.

Жартыжылдық қорытынды:

нақты нәтижелер

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаевтың айтуынша, 2025 жылға белгіленген межелерді орындау қарқыны жоғары. Атап айтқанда:

- 2025 жылға дейін ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін арттыру бойынша жартыжылдықтағы жалпы өнім көлемі 253,9 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 104,7%-ға жетті;

- Инвестиция тарту көлемі бойынша 6 айда жоспарланған 82,3 млрд теңгенің орнына 103,8 млрд теңге инвестиция тартылып, жос-

пар 1,3 есе асыра орындалды;

- Су үнемдеу технологиялары жаңадан 59 гектарға енгізіліп, жоспар 1,4 есе орындалды;

- Егістікке енгізілген тыңайтқыш көлемі 206,2 мың тоннаға жетіп, жоспар 109% деңгейінде орындалды;

- Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту бойынша 877 дана техника сатып алынды, бұл – жылдық жоспардың (1649 дана) 53%-ы. Жаңарту үлесі 9,4%-ға жетті.

Сақтау қоймалары мен жаңа жұмыс орындары

Өнімді сақтау инфрақұрылымын дамыту бағытында да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Шардара ауданында «Батырхан ата» ЖК-нің 2200 тонналық көкөніс сақтау қоймасы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін Түлкібас ауданында «Кентау» ЖШС-нің, Сайрам ауданында «Shagut Fruit» ЖШС-нің көлемі 2000-2200 тонна болатын сақтау қоймалары іске қосылады.

Аудандық рейтинг және жобалар мониторингі

Агросаладағы жұмыстарды бағалау және талдау мақсатында басқарма тарапынан ай сайынғы рейтингтік бағалау жүргізіліп тұрады. Жартыжылдық қорытындысы бойынша Түлкібас, Созақ және Отырар аудандары үздік үштікке енді. Ал көрсеткіштері төмен аудан, қала әкімдеріне нақты ескертулер беріліп, жұмысты жандандыру тапсырылды.

Болашаққа жоспар: жаңа жобалар мен жұмыс орындары

2025–2027 жылдарға арналған инвестициялық жобалар жол картасы аясында жалпы құны 227,5 млрд теңгені құрайтын 60 жоба іске асырылады. Бұл жобалар нәтижесінде 2252 жаңа жұмыс орны ашу жоспарланған. Биылғы бірінші жартыжылдықта құны 53,6 млрд теңге болатын 17 жоба жүзеге асырылып, 726 жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін 69,6 млрд теңгеге 12 жобаны іске асыру көзделуде.

ТӨЛЕБИДЕ ЗАМАНАУИ ТАУАРЛЫ СҮТ ФЕРМАСЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР



Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары барысында 26 адам жұмыспен қамтылып отыр. Ал ферма толық іске қосылған кезде 50-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Төлеби ауданында ауыл шаруашылығы саласында ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Зертас ауылдық округінде жалпы құны 1,3 миллиард теңгені құрайтын «AZIA MILK» тауарлы сүт фермасының құрылысы қарқынды түрде жүргізілуде. Жоба 2027 жылы толық іске қосылады деп жоспарланған.

Ферма Израильдің заманауи автоматтандырылған технологиялары негізінде салынууда. Жобаның басты ерекшелігі – мал басын ұстау, азықтандыру, сүт өндіру мен өңдеу процестерінің толық автоматтандырылуы.

10 гектар аумақта орналасқан фермада:

- 1 200 бас голштино-фриз тұқымды сиыр ұсталмақ;

- Малға арналған желдету және салқындату жүйелері орнатылады;

- Метеостанция, жарықтандыру және бейнебақылау жүйелері қарастырылған;

- Фермада сүт жинау және өңдеу орталығы жұмыс істейді.

Сонымен қатар, жоба аясында мал шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу бағытында да жұмыстар жоспарланған. Бұл экологиялық тәуірлік пен қалдықсыз өндіріс қағидатына сай келеді.

Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов құрылыс алаңында болып, жобаның маңыздылығына тоқталды. Ол ферманың іске қосылуы өңір экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңызды екенін атап өтіп, өкімдік тарапынан қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– Бұл жоба тек Төлеби ауданының ғана емес, бүкіл Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласы үшін маңызды бастама. Мұнда жаңа жұмыс орындары ашылып, заманауи технологиялар енгізіледі. Ең бастысы – халықтың сүт өнімдеріне қолжетімділігі артады, – деді аудан басшысы.

«AZIA MILK» фермасының іске қосылуы – агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру, өнімділікті арттыру және экспорттық өлеуетті дамыту бағытында жасалған маңызды қадам. Жоба Қазақстанның агросаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық басым бағыттарымен толық сәйкес келеді.

Бұл бастама өңірде табиғи өрі сапалы сүт өнімдерін өндіру, экологиялық қауіпсіздік, инновацияларды енгізу және жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту секілді мәселелердің шешімін табуға сеп болады.

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕ ТҮСТІ

Түркістан облысында демалыс орындарының қауіпсіздігі мен тазалығына қатысты жұмыстар күшейтіле түсті. Аталған мәселе облыс әкімі аппаратының апталық мәжілісінде талқыланды. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров туристік орындардың тазалығын, қауіпсіздігін жақсарту бағытындағы қарқынды жұмысты жалғастыру керектігіне тоқталды.



Аудан, қалалардағы су нысандарына арнайы белгілер орнатуды және судағы қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауды жалғастырыңыздар. Облыс аумағында туристік инфрақұрылымды дамыту, сапалы қызмет көрсету мен жағажайдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Кемшілікке жол берген басқарма басшылығы мен аудан, қала әкімдерінің салаға жауапты орынбасарларының жауапкершілігін қарау жөнінде ұсыныс енгізілсін. Туризмді дамыту – басым бағыт. Жұмысты жандардыру қажет, – деді

Нұралхан Көшеров.

Мәжілістің күн тәртібі бойынша Облыстық туризм басқармасының басшысы Нұрдәулет Медеуов пен Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Асқар Төлешевтің есептері тыңдалды.

Түркістан облысында туристерге қызмет көрсететін 245 орналастыру орны, 298 демалыс орны және 117 емдік-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Әсіресе жазғы маусымда «Шардара» су қоймасы, Балықты көлі және «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркіне туристер көп барады. Облыс аумағында 27 орында суға шомылуға рұқсат етілген. Шомылуға тыйым салынған 111 қауіпті орынға арнайы ескерту белгілері орнатылған. Бұл жұмыс-

тар су айдындарында қайғылы оқиғалардың алдын алуға бағытталған. Алайда қауіпсіздік талаптарын орындамайтындар көп. Осы бағытта бақылау күшейтіледі.

Облыстың туризм саласын дамытуға бағытталған қадамдық жоспар бекітілген. Аталған жоспар аясында аудан және қала әкімдіктеріне демалыс және туристік орындарда санитарлық тазалықты тұрақты түрде қамтамасыз ету тапсырылды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде де тиісті жұмыстар жүруде. Әр мекемеге өзіне қатысты міндеттемелер енгізіліп, тиісті тапсырмалар берілген.

Мәжілісте туристік орындардың инфрақұрылымын жақсарту, туризм кластерін дамыту, қауіпсіздік талаптарын күшейту, саяхатшыларға қолайлы жағдай жасау бағытында ұсыныстар мен тапсырмалар беріліп, хаттамаға енгізілді. Облыстағы жағажайларда мониторинг, реттеу жұмыстары жалғасады.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

ЖЕР ҚОЙНАУЫҢ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ҚАРСЫ РЕЙД ӨТТІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында облыс әкімінің 03.02.2025ж. №26 хаттамасының 1.2-тармағына және бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес Түркістан облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы, Сауран ауданының прокуратурасы, Облыстық өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, облыстық полиция департаменті қызметкерлері «Жер қойнауын заңсыз пайдаланудың алдын алу мақсатында» бірлескен рейдтік іс-шара жүргізді.

Аталған іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен қамтамасыз етілген арнайы дрон құрылғысының көмегімен Сауран ауданы, Шаға ауылдық округі, Шоқтас елді мекенінде орналасқан Құрсай өзені бойында жер пайдалануға құқық беретін лицензия немесе келісімшартсыз жер қойнауының қыртысын бұзып кең таралған (құмды қиыршық тас) қазба байлықты заңсыз тиеп, алып бара жатқан төрт ауыр жүк көлігі анықталды.

Сонымен бірге Сауран ауданы, Жаңа Иқан ауылдық округі, Иба ата елді мекенінде жер қойнауын заңсыз пайдаланып жатқан екі ауыр жүк көлігі ұсталды. Аталған ауыр жүк көліктері мен дәлелдемелік заттар Сауран ауданында орналасқан арнайы айып тұрағына қойылды.

Заңсыз жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты материалдар топтамасы жинақталып, олардың тиісті жауаптылығын қарастыру үшін процестік шешімдер қабылданады.

АТА ЗАҢҒА 30 ЖЫЛ

Әр ұлттың жүрегінде жер, ел, тіл, ұлт, тәуелсіздік деген сынды қасиетті ұғымдар бар. Ал сол тәуелсіздіктің тірегі, оны нақтылайтын және қорғайтын құндылық ол Ата Заң. Ол мән мағынаға толы, тарихи және саяси салмаққа ие ұғым. Еліміздегі барлық заңдардың бастауы, тірегі - Конституция. Конституция та-лаптарына сәйкес келмейтін, Ата заңның алғышарттарына қарсы қағидалар дәйектелген кез келген заңның күші жойылады. Бұл елдегі заң үстемдігінің басты шарты.

Бүгінде Конституция қоғаммен бірге дамып келеді. Уақыттың өзі талап еткен реформалар жүзеге асып, халықтың мүддесіне бағытталған өзгерістер енгізіліп жатыр. Бұл Ата заңымыздың өміршең құжат екенін көрсетеді. Ол заманауи сын-қатерлерге бейімделіп, болашақ ұрпаққа қызмет ету жолында жаңғыруда.

Ата Заңымызда Қазақстан - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені айқын көрсетілген. Әр азаматтың құқығы мен бостандығы заңмен қорғалады, мемлекеттік билік халыққа тиесілі деп жарияланады. Мұның өзі ел тәуелсіздігінің тірегі, әрі кепілі екенін білдіреді.

Ата заңның қолданысқа енгізілгеніне биыл 30 жыл толып отыр. Отыз жыл аз уақыт емес. Қазақтың өзі отыз жас - орда бұзар жас деп тегін айтпаған. Осы жылдар ішінде Қазақстан шын мәнінде үлкен даму жолынан өтті. Өз алдына дербестігін алған еліміз ше-карасын бүтіндеп, мемлекеттік рәміздерін айшықтап, азаматтарға жайлы да қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізді. Бүгінде Қазақстанды танымайтын ел жоқ. Қазақстанның болашағына, елдегі заңдылық пен татулыққа сенген шетелдік инвесторлар да кәсібін ашып, бізбен әріптестік байланыс орнатуға күш салуда. Осындай іргелі істердің барлығының ар-тында Ата Заңның тұрғанын айту артық.

Қорыта айтқанда, Ата Заң - еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын, ел бірлігінің, әділет пен теңдіктің кепілі. Әр қазақстандық оны құрметтеп, қорғауға міндетті. Себебі Ата Заң - Тәуелсіз Қазақстанның мызғымас тірегі.

Егемен елдің тірегі болған Ата заңды білу, оның талаптарын үнемі сақтау баршамыздың азаматтық міндетіміз.

Н.АҒАБЕКОВА,

Түркістан облысы Әділет департаментінің бас маманы

«АНА МЕН БАЛА» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАДАҒАЛАНДЫ



Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев Түркістан қаласында салынып жатқан «Ана мен бала» орталығындағы жұмыстармен танысты. Біріккен Араб Әмірліктерінің «Абу-Даби» қорының демеушілігімен салынып жатқан перзентхана – 80 төсек-орындық. «Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қорының тапсырысымен құрылыс жұмыстарын «Әристайл-Казахстан» ЖШС жүргізіп жатыр.

Орталық 3,3 гектар аумақта орналасады. Фимарат екі қабатты, жалпы ауданы – 17 288 шаршы метр. Қазіргі таңда жер қазу жұмыстары толық аяқталған. Іргетасын құю және қайта топырақпен көму жұмыстары атқарылған. Нысан 2026 жылы тапсырылады деп жоспарланған.

Облыс әкімі мердігер мен жауапты басқарма басшыларына жұмысты сапалы атқару, құрылыс талаптарын қатаң сақтауды тапсырды. Құрылысқа қатысты ұсыныс-пікірлерді тыңдап, медициналық мекемені мамандармен қамту, жұмысын үйлестіру мәселесі де назардан түспеуі тиіс екенін ескертті.

БИЫЛДАН БАСТАП ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЛИМПИДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІМЕН ҚАТАР БАСЫМДЫҚҚА ИЕ БОЛДЫ

Ұлттық спорт түрлері - Қазақстанның мәдени кодының маңызды бөлігі әрі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Биыл маусым айында күшіне енген «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңның жаңа редакциясында ұлттық спорт түрлері олимпиадалық және паралимпиадалық спорт түрлерімен бір деңгейде басым бағыттар қатарына енгізілді. Бұл ұлттық спортты мақсатты түрде қаржыландыруға және оны жоғары жетістіктер спорты ретінде тануға жол ашады.

2025 жылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы:

«Ұлттық спорт - мәдени бірегейлігіміздің ажырамас бөлігі және ұлт саулығын тәрбиелеудегі маңызды құрал», - деп атап өткен еді.

Бүгінде елімізде 11 ұлттық спорт түрі белсенді дамып келеді: асық ату, аударыспақ, бөйге, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, жекпе-жек, көкпар, қазақ күресі, құсбегілік, теңге ілу және тоғызқұмалақ.

Оның төртеуі ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген (құсбегілік, тоғызқұмалақ, қазақ күресі және асық ату).

2024 жылдың қыркүйек айында Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтті.

Бұл дүбірлі додаға 89 елден 2700 спортшы қатысты. Отандастарымыз 112 медаль, оның ішінде 43 алтын медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді.

Сондай-ақ жыл сайын елімізде мынадай спорттық іс-шаралар өткізіледі:

«Ақбидай» – ауыл спорт ойындары

«Қазақстан Барысы» – республикалық турнир

«Ұлы дала жорығы» – марафон-бөйге

Ел көлемінде түрлі этносспорт фестивальдері мен чемпионаттар

Ұлттық спорт – патриотизмнің, ұрпақ сабақтастығының және туған жерге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысының жастарына «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша насихат жұмыстары жүргізілуде. Құжаттар облыс орталығы Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да 13-20 шілде күндері аралығында өтеді. Бұл жайында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің Ph.D докторы Айдос Абаев БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті – «Серпін» бағдарламасы бойынша еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Бұл университетте оңтүстік өңірлерден келген 3000-нан астам студент білім алуда. Мұнда түлектер педагогикалық, инженерлік-техникалық, ақпараттық технологиялар және ауыл шаруашылығы салалары бойынша диплом ала алады. Студенттерге жатақхана, стипендия және жолақы қарастырылған. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 85%-ды құрайды»

- деді Айдос Абайұлы.

Сонымен қатар, оңтүстік өңірлердің жастарын жоғарғы оқу орнында оқуға М.Қозыбаев университетінің Азық-түлік қауіпсіздігі кафедрасының оқытушысы Әлібек Серіков та арнайы шақырды. Қазіргі таңда аталған оқу орнында «Серпін» бағдарламасы арқылы 163 студентке грант бөлінгендігін айтты. Онда оқуға түскен жастар 100% жұмыспен қамтылып қана қоймай, шетелдерде өз біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік қарастырылған.

Сондай-ақ, баспасөз мәслихатында сөз алған Тараз қаласындағы Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің аға оқытушысы Олжас Сауытов та өз оқу орнының артықшылықтарына тоқталды. Онда ҰБТ нәтижесінде 50 баллдан жоғары жинаған түлектерге «Серпін» бағдарламасы аясында 280 грант бөлінген. Сонымен қатар, ер балалар үшін әскери шен алып шығуға да жағдай жасалған.

ШАРДАРАДА БИЫЛ 35 ШАҚЫРЫМҒА ЖУЫҚ КӨШЕ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

2025 жылы Шардара ауданында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аудан аумағындағы автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің жалпы ұзындығы 603,06 шақырымды құрайды. Оның ішінде 165 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар болса, 58,23 шақырымы аудандық маңызға ие. Сондай-ақ, 379,83 шақырымы елді мекен көшелері мен ішкі шаруашылық жолдары.

Биыл «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында облыстық бюджеттен 528,2 млн теңге бөлініп, ұзындығы 12,6 шақырымды құрайтын 15 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстарды «Строительная компания Строймонтаж» ЖШС атқарса, техникалық қадағалаушы – «Bereke Ekspert» ЖШС. Қазіргі таңда нысандарды қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Жаушықұм-Қалғансыр бағытындағы 8 шақырымдық аудандық жол

орташа жөндеуден өткізілмек. Нысан 2026 жылға өтпелі. Сондай-ақ, ұзындығы 9,4 шақырымды құрайтын Шардара қаласындағы 12 көшеге орташа жөндеу жоспарланған. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Нысан – 2026 жылға өтпелі. Бұдан өзге, қаладағы ұзындығы 3,1 шақырымды құрайтын №26 көше мен демалыс аймағына баратын жолға тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетерлігі, 2025 жылдың мамыр айында жолаушылар көлігін жаңарту толығымен жүзеге асырылды. Ескі 13 автокөлік 2025 жылғы «Газель» маркалы шағын автобустармен толық ауыстырылды. Қоғамдық көлікті жаңарту 100 пайыз орындалған. Шардара ауданында көлік және жол инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Бұл бағыттағы жобалар алдағы уақытта да аудан тұрғындарының өмір сапасын арттыруға және өңірлік дамуға серпін беруге бағытталады.

ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН НЫСАНДАР БҰЗЫЛАДЫ

Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің Жалын тұрғын алабының тұрғындарымен өткізген көшпелі кездесуі барысында Көкжиде көшесіне балалар ойын алаңын орнату жөнінде ұсыныс түскен болатын.

Азаматтардың өтінішіне сәйкес, аталған аумақтағы қараусыз, заңсыз салынған құрылыс нысаны бұзылып, оның орнына балалар ойын және воркаут алаңдары орнатылды.

Бүгінде жаңа алаңша пайдалануға беріліп, тұрғындардың игілігіне қызмет көрсетуде. Қала әкімдігі халықтың ұсыныс-пікірлерін басты назарда ұстайды және оларды жүйелі түрде іске асыру бағытында жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ, Шымкент қаласының Қарабастау тұрғын алабында заңсыз тұрғызылған және қараусыз қалған құрылыс нысаны сүріліп, орнына балаларға арналған ойын және воркаут алаңшасы салынды.

Аталған мәселе Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің Қарабастау тұрғындарымен өткізген көшпелі кездесуінде көтерілген болатын. Кездесу барысында Қамбарұлы көшесінің бойында балалар алаңын орнату жөнінде ұсыныс айтылып, қала басшысы жауапты мекемелерге мәселені зерттеп, оң шешу бойынша тапсырма берген еді.

Қазіргі уақытта тапсырма негізінде тиісті жұмыстар жүргізіліп, тұрғындар үшін жаңа қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді. Бұл алаңша балалардың қауіпсіз және белсенді демалысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қала әкімдігі алдағы уақытта да қала тұрғындарының ұсыныс-пікірлеріне құлақ асып, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобаларды жалғастыра бермек.

«Айғақ»-ақпарат.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА ТЕХНОГЕНДІ-МИНЕРАЛДЫ ТҮЗІЛІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі жол жобаларында техногенді-минералды түзілімдерді қолдану көлемін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын бекітті, деп хабарлайды «ҚазжолҒЗИ» АҚ ресми өкілі.

Жоспар аясында техногендік минералдық түзілімдерді (ТМТ), яғни тау-кен өндіру, тау-кен қайта өңдеу және энергетикалық өндірістердің пайдалы құрауыштары және пайдалы қазбалары бар қалдықтарының шоғырын жол құрылысына пайдалану бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру көзделген.

Сарапшылардың айтуынша, қайта өңделген техногенді шикізатты қолдану инфрақұрылымдық жобалардың құнын төмендетіп қана қоймай, қоршаған ортаға экологиялық жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

«Қайта өңделген қалдықтарды жол салу және жөндеу жұмыстарына тиімді қолдануға болады. Мұндай материалдар сапасы жағынан дәстүрлі материалдардан кем түспейді. Бұл – бәріне тиімді шешім: мемлекет шығынды азайтады, кәсіпорындар қалдықтарды көдеге жарату мәселесін шешеді, ал қоршаған орта тазарады», – деп атап өтті «ҚазжолҒЗИ» АҚ вице-през-

иденті Ерік Әмірбаев.

Ғалымдар жоспардың тиімді іске асуы үшін қайта өңделген материалдарды қолдану бойынша тиісті талаптарды заңнамада бекіту қажет екенін алға тартады. Сонымен қатар, қалдықтарды өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер мен ынталандыру шараларын қарастыру ұсынылады.

Қазіргі уақытта өңірлерде өндірістік шикізатты ғылыми зерттеу жұмыстары басталды. Мысалы, Павлодар және Қарағанды облыстарында өндірістік қалдықтарды жол салу саласында пайдалану мүмкіндігін кешенді бағалау жұмыстары жүргізілуде. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылатын материалдардың тізімі жасақталып, оларды жол-құрылыс материалдарының Бірыңғай базасына енгізу көзделуде.

Айта кету керек, өндірістік қалдықтарды құрылыс саласында қайта өңдеп қолдану әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын тиімді тәсіл. Ол бір уақытта бірнеше маңызды міндетті шешуге мүмкіндік береді: табиғи ресурстарды үнемдеу, құрылыс шығындарын азайту, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету және қалдықтарды қайта өңдеу нарығын дамыту.



май, жүктерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде қадағалап, көрсетілген қызмет сапасына қатысты кері байланыс бере алады.

Қызметті пайдалану үшін пайдаланушыға:

eGov Business мобильді қосым-

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ EGOV BUSINESS-TE ҚОЛЖЕТІМДІ

«Бірыңғай цифрлық терезе» сервисі eGov Business мобильдік қосымшасында қолжетімді болды. Бұл функционал пайдаланушыларға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен логистикалық қызметтер бойынша ыңғайлы әрі тиімді өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Сервистің басты мақсаты – логистикалық қызметтердің сапасын арттыру. Бірыңғай цифрлық терезе арқылы пайдаланушылар шарттарды басқару, өз операциялары бойынша аналитикалық деректерді алу, Call-орталыққа немесе әлеуметтік желілер арқылы сұрау жолдау сияқты түрлі цифрлық құралдарды пайдалана алады. Сонымен қатар, енді клиенттер қызметке өтінімді оңай рәсімдеп қана қой-

сасына кіріп, «Қызметтер» бөліміне өту қажет;

«АҚ «ҰК ҚТЖ» – қызметін таңдау керек;

қызметпен танысу қажет.

Жаңа функционалдың іске қосылуы логистикалық үдерістердің тиімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болды. Бұл сервис «ҚТЖ» ҰК» АҚ көрсететін қызметтерді бірыңғай платформада біріктіріп, оларға жылдам әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

СЫРДАРИЯ АРҚЫЛЫ ЖАРТЫ ШАҚЫРЫМДЫҚ ТЕМІРЖОЛ КӨПІРІ САЛЫНАДЫ

Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісін салу бойынша ауқымды жоба аясында Сырдария өзені арқылы көпір салуға қатысты дайындық жұмыстары басталды, деп хабарлайды «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Баспасөз-қызметі.

Ғимараттың ұзындығы 500 метрді құрайды. Қазіргі уақытта құрылыс алаңын дайындау және техниканы жұмылдыру жүргізілуде.

Ұзындығы 152 км жаңа тармақ салу бойынша белсенді жұмыстар Ердау станциясынан Сырдария өзенінің жайылмасына дейінгі учаскеде жүргізілуде. Қазірдің өзінде 6 миллион текше метрден астам жер төсемі құйылды, бұл жалпы көлемнің 50% құрайды. Сонымен қатар, жасанды құрылыстарды монтаждау жүргізілуде: жоба аясында барлығы 35 көпір салу және 135 құбыр орнату жоспарлануда. Арыс станциясында 105 км рельсті шпалдық тор жиналып, төсеуге дайын. Құрылысқа 600-ден



астам адам және 300-ден астам техника жұмылдырылған.

Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда және елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту үшін стратегиялық маңызы бар. Жаңа теміржол тармағы шамадан тыс жүктелген Сарыағаш – Ташкент учаскесінің, сондай-ақ Сарыағаш шекара маңы станциясының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді, бұл Орталық Азия елдері бағытында

экспорттық тасымалдарды ұлғайту үшін жағдай жасайды.

Сонымен қатар, жоба Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін болады. Жаңа желі Өзбекстан аумағы арқылы өту қажеттілігін болдырмай, шалғайдағы Мақтаарал және Жетісай аудандарын Қазақстан темір жолдарының негізгі желісімен байланыстырады.

ҚТЖ темір жолының құрылысын 2026 жылы аяқтау жоспарлануда.

КӨШПЕЛІ КЕЗДЕСУ НӘТИЖЕСİNДЕ ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Абай ауданының Тарбағатай көшесінде жол жөндеу жұмыстары басталды. Бұл жұмыс қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің тұрғындармен өткізген көшпелі кездесуінде айтылған ұсыныс негізінде қолға алынды.

Ұзындығы 760 метрді, ал ені 6 метрді құрайтын көше бойына асфальт жабындысы төселіп жатыр. Жөндеу жұмыстары тұрғындардың сұранысы бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Аталған шара – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қала тұрғындарының өтініштеріне жауап ретінде іске асырылып жатқан жұмыстардың нақты нәтижесі.

Қала әкімдігі алдағы уақытта да инфрақұрылымды жақсарту және тұрғындар өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра бермек.

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕ-ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ БІРНЕШЕ РЕКОРДТАРМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ

Астана маңында өткен Қазақстандық Дала күні – «Jasa Dala / Green Day '2025» мамандандырылған көрме-демонстрациясы бірнеше рекордтармен есте қалды.

Агробизнес пен технологиялар саласындағы дәстүрлі көрме алғаш рет өз алаңында 10 мыңнан астам келушіні – фермерлерді, агроқұрылымдар мен кәсіпорындардың басшылары мен мамандарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен жеткізушілерді, аграрлық ғылым мен білім саласының өкілдерін, мемлекеттік органдар мен даму институттарын, қоғамдық ұйымдар мен салалық кәсіби бірлестіктерді жинады.

Шара аясында 500-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары көрсетілді. Арнайы бөлінген алқаптарда олардың нақты жұмыс істеу мүмкіндіктері мен техникалық сипаттамалары іс жүзінде таныстырылды.

«Мал шаруашылығы» блогындағы асыл тұқымды ІҚМ аукционьында көрме тарихында алғаш рет 6 миллион теңгеге бұқа сатылды. Бұл рекордты Qazaq Aqbas тұқымының 17 айлық «Жойқын» есімді бұқасы орнатты. Ал «Jasa Dala / Green Day '2025» көрмесінің «Үздік бұқа» номинациясының абсолютті чемпионы – Maverick есімді ангус тұқымды бұқа атанды. Оның иелері байқау де-меушісі – АГРОТЕХМЕНЕДЖМЕНТ»

компаниясынан жаңа дөңгелекті тракторға ие болды.

«Jasa Dala / Green Day '2025» аясында Қазақстанда алғаш рет ветеринарлық мамандардың Құрылтайы (съезі) өтті. Бұл жиынға ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларын емдеу, алдын алу және бақылау, фермерлік шаруашылықтарда санитарлық-ветеринарлық жағдайды қамтамасыз ету бойынша 150-ден астам маман қатысты. Құрылтайды ҚР Ветеринария палатасы, Қазақстан құс өсірушілер одағы және барлық республикалық ІҚМ тұқымдық палаталары ұйымдастырды.

Алғаш рет мұндай шараға ұйымдастырушылардың шақыруымен Астана мен Ақмола облысының мектептері мен үйірмелерінен 500-ден астам оқушы қатысты. Оларға экскурсоводтар мен педагогтармен бірге арнайы бағдарлама ұйымдастырылып, естелік сыйлықтар табысталды.

Жалпы алғанда, Қазақстанның Дала күні – «Jasa Dala / Green Day '2025» іс-шаралары шамамен 383 гектар аумақта өтті. Бұл аумаққа техника жұмысының демонстрациясы үшін алаңдар, жол талғамайтын көліктерге арналған тест-драйв полигондары, «Тиімді гектар» тыңайтқыш байқауының тәжірибелік егістіктері және басқа да алаңдар кірді.

«Jasa Dala / Green Day» маманданды-

рылған көрме-демонстрациясы Дала күні форматында 2013 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл шара – заманауи ауыл шаруашылығы технологиялары мен жоғары өнімді техника, сондай-ақ аграрлық өндіріс саласындағы инновациялық шешімдер таныстырылатын елдегі ең ірі демонстрациялық алаң. 2025 жылы бұл көрме 17-18 шілде аралығында Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылынан 20 км қашықтықта орналасқан Нүресиль ауылындағы «Ақтық» АҚ демонстрациялық алқаптарында өтті.

Қазақстан мен әлем ауыл шаруашылығының өзекті және келешегі зор бағыттары «Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары», «Өсімдік шаруашылығы», «Мал шаруашылығы», «Тиімді гектар» атты блоктарда ұсынылды. Көрме барысында мал шаруашылығы, генетика мен селекция салаларындағы жетістіктер, ветеринария, агрономия, агрохимия және органикалық егіншілік салаларындағы инновациялық өзіндік шешімдер көрсетілді.

Дала күніне Ақмола облысының әкімі М.Ахметжанов, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаров, Франция, Беларусь Республикасы, Ұлыбритания, Германия, Нидерланд Корольдігі елдерінің елшілері, Ресей Федерациясының кең делегациясы және об-

лыстар мен аудандар әкімдіктерінің өкілдері қатысты.

Көрмеге қатысушылардың айтуынша, мазмұнды іскерлік бағдарламадан бөлек, техника мен технологиялар көрмесі «Jasa Dala / Green Day '2025» өз қонақтарын ғылыми-практикалық мазмұнымен, сондай-ақ көрермендерге арналған танымдық әрі әсерлі шоу-бағдарламасымен де тәнті етті.

Көрменің ашылуында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров: «Республикадағы ауыл шаруашылығы саласында үлкен жұмыс атқарылды, бірақ алда бұдан да ауқымды міндеттер тұр. Министрлік агробизнес, Парламент және сарапшылар қауымдастығымен тұрақты диалог жүргізіп келеді. «Jasa Dala / Green Day» сияқты алаңдар бізге бір-бірімізді естуге, қолдау шараларын жетілдіруге, шешім қабылдау үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді», – деді.

2025 жылғы 31 шілде мен 1 тамыз күндері Қостанай облысында «Jasa Dala / Qaqun '2025» халықаралық ауыл шаруашылығы көрме-демонстрациясы өтеді. Шара «Восток-1» ЖШС және «Агрофирма Қарқын» ЖШС демонстрациялық алқаптарында (Қостанай қаласынан 65 км жерде, Мендіқара ауданы, Степановка ауылы) ұйымдастырылады.

Бетті дайындаған: Мақсат ТОҚСАНБАЙ.



Открылось наследство

***Открылось наследство после смерти гр.Ниязова Кулажан Октенулы, умершего 14.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент мкр.Нурсат ул.байтерекова 89.тел. 8 771-685-75-23.

***Открылось наследство после смерти гр.Токтамисова Токтаса, умершего 01.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр.Тунгушбаева Толетая, умершего 18.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 701-751-80-77.

***Открылось наследство после смерти гр.Тунгишбаевой Дариқы Акбердиевны, умершей 22.06.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 701-751-80-77.

***Открылось наследство после смерти гр.Жетигбаевой Алпеш Суйндиқовны, умершей 03.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б.г.Шымкент ул.Рыскулова 80.тел. 8 707-848-38-58.

***Открылось наследство после смерти гр.Полухиной Оксаны Алексеевны, умершей 06.11.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой Г.Д. г.Шымкент ул.Уалиханова 184-61. тел. 8 707-499-46-76.

***Открылось наследство после смерти гр.Коробейникова Евгений Николаевича, умершего 23.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Момыновой Г.С. г.Шымкент ул.Айбергенова 10-38.тел. 8 701-717-80-58.

***Открылось наследство после смерти гр.Жанзаховой Нурзии Полатбекқызы, умершей 06.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан шоссе 22.тел. 8 771-307-55-22.

***Открылось наследство после смерти гр.Султаевой Райхан Заидиновны, умершей 06.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Д. Шолпан. г.Шымкент 16 мкр. 43а-77. тел.8 701-373-41-15.

***Открылось наследство после смерти гр.Байсекова Пернебека, умершего 18.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г.

тел. 8 771-383-43-47.

***Открылось наследство после смерти гр.Мирхакимова Еркенбая, умершего 30.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т.г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8 701-505-88-98.

***Открылось наследство после смерти гр.Сыздық Динмухаммеда Нурхожаулы, умершего 08.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели уожа 1Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр.Бондаренко Ольги Анатольевны, умершей 15.12.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81 тел. 8 701-727-45-71.

***Открылось наследство после смерти гр.Адил Гульнафиса Калдарбекқызы, умершей 06.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777-686-66-13.

***Открылось наследство после смерти гр.Икматова Нурбол Нусратиллаевича, умершего 20.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777-686-66-13.

***Открылось наследство после смерти гр.Бакирова Асана, умершего 24.04.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8 701-718-10-49.

***Открылось наследство после смерти гр.Еспенбет Айжамал Шакирқызы, умершей 27.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ургешбаевой Р.О. г.Шымкент —

***Открылось наследство после смерти гр.Белоконева Александр Ивановича, умершего 12.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул.Рыскулбекова 5/5 тел. 8 701-716-27-81.

***Открылось наследство после смерти гр.Мырзабекова Касимбека, умершего 14.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Тан-

бергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777-686-66-13.

***Открылось наследство после смерти гр.Полуструева Виктор Васильевича, умершего 04.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Карабаевой Р. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 тел. 8 701-741-27-45.

***Открылось наследство после смерти гр.Атажанова Адила, умершего 21.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8 701-505-88-98.

***Открылось наследство после смерти гр.Орымбаева Бақыта Бакбергеновича, умершего 31.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 205/8 тел. 8 705-410-09-24.

***Открылось наследство после смерти гр.Баймбетовой Захиры Арзымбетқызы, умершей 17.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр. Сейкиной Раисы Ивановны, умершей 15.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел. 8 702-996-27-79.

***Открылось наследство после смерти гр.Халмирзаевой Турана, умершей 26.02.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Балаби Г.А. г.Шымкент ул.Ахунбабаева 20. тел. 8 777-098-89-77.

***Открылось наследство после смерти гр.Муталиевой Елены Жиенбаевны, умершей 11.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кыдыровой Л.К. г.Шымкент ул. Ташкентская б/н тел. 8 701-482-99-54.

***Открылось наследство после смерти гр. Ташметова Рустамжана Мамаджановича, умершего 20.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Алдашовой Ж.А. г.Шымкент ул.Калдаякова 7 тел. 8 702-664-23-64.

***Открылось наследство после смерти гр. Ильясова

Марата Каиповича, умершего 18.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5-14.тел. 8 702-888-07-08.

***Открылось наследство после смерти гр. Канаева Пернебека, умершего 20.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8 701-718-10-49.

***Открылось наследство после смерти гр. Сабденовой Токжана, умершей 23.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул.Желтоқсан 20 Б.111. тел.8 701-721-43-83.

***Открылось наследство после смерти гр.Молдабергеновой Бақыт Тагабековны, умершей 09.12.2024 г. наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 771-383-43-47.

***Открылось наследство после смерти гр. Султановой Катиры Жумахметовны, умершей 02.02.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80.тел. 8 707-848-38-58.

***Открылось наследство после смерти гр. Павловской Галины Анатольевны, умершей 24.12.2022 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.Х. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 707-935-88-17.

***Открылось наследство после смерти гр. Каскабаевой Таттикул, умершей 02.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алдашовой Ж.А. г.Шымкент ул.Калдаякова 7 тел. 8 702-664-23-64.

***Открылось наследство после смерти гр. Алтаевой Шарапат, умершей 23.05.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

***Открылось наследство после смерти гр. Абдуллаевой Тлеулеса, умершей 07.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирismetову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776-223-64-50.

***Открылось наследство после смерти гр.Диханова Кайрат Аширбековича, умершего 22.04.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Джунусовой Р.Т. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 42-19.тел. 8 777-558-76-18

Ликвидация

***Объединение собственников имущества “мкр.Жана кала,Шымкент тас жолы дом 12/1 г.Туркстан” объявляет о своей ликвидации БИН 2402400346846, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Туркстан мкр.Жана кала ул.Шымкент тас жолы 12/1.

***ТОО “VETCENTER” объявляет о своей ликвидации БИН 240640007780, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан. г.Актобе ул. Н.Кобландина дом 15.

***Общественное объединение “Локальный профессиональный союз спортсменов, работников в сфере спорта и бюджетных организаций” объявляет о своей ликвидации БИН 1605400003966 все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Матросова 51.

Керек кеңестер

Мүйізгек пайда болса...

Лимон қабығын мейегімен бірге ыстық суға салып жұмсартып, жатар алдында мүйізгекке басып дөкемен таңып тастау керек. Осылай 2-3 рет жасағаннан кейін мүйізгекті еш қинамай алып тастауға болады.

Сүйек сынса...

Сынық тез біту үшін жақсылап ұнтақталған жұмыртқа қабығын тамақ алдында 30 минут бұрын 1 шай қасықпен жеу қажет. Қабықты ұнтақтамас бұрын оны ішкі бетіндегі пленкадан тазартқан жөн. Ұнтаққа бал және бірнеше тамшы лимон шырынын қосуға болады.

Теріңізге саңырауқұлақ сырқатын жұқтырып алсаңыз...

250 грамм сұйық балшық алып (бұл үшін құрғақ балшық алып, сұйық қаймақ секілді болғанша оған салқын су қосып араластырады), 9% сірке судан 1 ас қасық қосады да жақсылап араластырады. Осы қоспаны зақымдалған жерлерге 1-4 сағат басады. Бұл ем шарасын күніне 1 реттен 12-16 күн бойы орындайды. 2-3 апта демалған соң, ем курсы қайталауға болады. Құрғақ жөтел немесе кеудеде сырыл болса, қара аюбадам (черная бузина) гүлдерінің тұндырмасын ішкен пайдалы. Тұндырманы өзінше үшін 3-4 ас қасық құрғақ гүлдердің үстіне 1 л қайнап тұрған су құйып, жылы орап 1 сағат тұндырады. Тұндырманы ыстық күйінде бал қосып, күніне 3-4 құтыдан ас алдында ішесіз.

Жарамсыз деп танылсын

***Утеранный документ Филиала общественного объединения “Казахстанская организация ветеранов органов внутренних дел и Национальной гвардии”, “Организация ветеранов подразделения по чрезвычайным ситуациям г.Шымкент” БИН 130741004504, положения считать недействительными.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану аяқсыз тегелген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Тасырды: №165
Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды.

«Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Зілді әзіл...

Министр құдаға дайындық

Балам “Болашақ” бағдарламасымен шетелде оқиды. Айтуынша, министрдің қызымен танысыпты. Қыз да тегін емес көрінеді — Францияда элиталы үйлері, Италияда виллалары мен катерлері бар екен.

Салыстырып қарасақ, министр бай, ал біз — кедейміз. Барымыз — екі сиыр мен он қой ғана... Министр түгіл, онымен бірге жүргендер де жағдайлы, іскер, бай-қуатты адамдар шығар деп елестетіп қойдым.

Сонда да қарап отыруға болмайды ғой. Құда болсақ, сол байлықтың шеті-шетіне ілігерміз деген үмітпен құдалыққа дайындықты бастап кеттік.

Әйеліме шанышқы мен қасықты қалай ұстауды, қандай халат кию керек екенін үйрете бастадым. Оның да өз жөні бар екен — қасықты оң қолға ұстай ма, сол қолға ма — соны сұрастырып, жаттаттық. Болашақ құдам қандай кино көреді, қандай кітап оқиды, қандай тамақ ұнатады — бәрін қағазға түртіп алдым. Құда зиялы азамат қой. Орысшаны айтпағанда, ағылшын тілін еркін меңгерген шығар деп ойладым.

Әйеліме шет тілін үйренуді тапсырдым. Өзім де ауылда жабайы көрінбес үшін құдамнан озуға тырысып, орыс пен

ағылшын аздай, Чукча мен Эвенкі тілдерін де жаттап алдым.

Бұл — менің отбасыма қатысты дайындық.

Бірақ құданы тек әйелім екеуміз ғана қарсы алмаймыз. Ағайын-жұрт бар дегендей...

Қызмет қылатын жұртқа: “Төрлегіңіздер”, “Алып қояйық”, “Құдалық құтты болсын” деген сөздердің ағылшыншасын жаттап алыңдар дедім. Әрине, уақытша! Со-сын: “Сағат сайын ауысып тұрыңдар, көп отырсаңдар сыр беріп қоюың мүмкін”, — деп екі көршімді шақырып алып:

— Қойшыман аға, сіз “Коля”, Оңласын жеңше, сіз “Оля” боласыз, — дедім.

Әрине, министр құда келіп-кеткенше ғана!

— Ойбай, кө... ек! Көкең көріп қалса қайтеміз?! — деді біреуі.

— Көргенсіз неме, — деп ұрыстым. — Қазақы болып отыра берсек, бай құдамен сөйлесе аламыз ба?!

Ойымды жинап:

— Өлгі салт-дәстүр, құйрық-бауыр, ұн жағу дегенді доғара тұрыңдар. Құда табақ та болмайды! — дедім.

— Неге? — деді біреуі аң-таң.

— Вирус жұқтырып алады, тамақ сатып жейді екен дейді. Ал ұн жағу қымбат кестем-шалбарды бүлдіреді, — деп түсіндірдім.

Бақманшы Құрым мен Сырымға:

— Сендер құдаға Таяу Шығыс, Сирия туралы әңгіме айтып отырыңдар. Галстук міндетті түрде тағасыңдар! Білмесеңдер — газеттің саяси беттерін көшіріп алыңдар! — деп тапсырма бердім.

Содан соң ойландым: «Тағы не қалды екен?».

Ән-күй, би бар екен ғой! — Айтқұл жеңеше, сіз “Аяна” болып, “Айқаракөзді” он минут созбай, “Черноглазый” деп келте қайырыңыз.

Бибігүл төте, би билеген кезде алысырақ тұрыңыз, құдаға түкірігіңіз шашырайды, — дедім.

— Ешкім қазақша сөйлемесін! — деп түйіндедім сөзімді.

Ағайын деген — айтқанды тындамай ма?! Министрмен құда боламыз деген соң қойшыға — мектеп директоры, сиыршыға — бөлім басшысы боласыңдар деп қуантқанмын ғой.

Дайындығымыз мықты болды. Тойға екі-үш күн қалғанда моншаға түсіп, иіс су сеуіп алыңдар дедім (иіс су маркасын өзім таңдадым).

Кеше “генеральный репетициямызды” өткіздік.

Жаман емес!

Құда күтіп, той-құдалықты 22 наурызға белгіледік.

Құда дайын болса — біз де дайын!

ЭМОЦИЯ

Эмоция — француз сөзі екен. Адамдарда қорқыныш, қуаныш, реніш сияқты сәттерде байқалатын субъективті реакция дейді. Қысқаша айтқанда — сәттілікке немесе күйзелісте сезімге берілу. Негізі, біздің жұрт мұны біледі. Не көп — байқау көп! Неге бәрі ағылшынша ән айтып, би билеуге құмар десем, ол эмоцияға берілу екен ғой. Менталитетіміздің өзі қызық. Еліктегішпіз.

Осы эмоция деген «пәлеге» мен де беріліп көрейін деп ойладым. Әдетте мен оңайлықпен қуанып та, қорқып та кетпеймін. Бірақ, «эмоцияны» қуаныштан бастап көрмек болдым. Қалай етсем, қуана аламын? Таптым — ақша! Дәл солай, табыс, байлық. Ақша кімде? Әрине, министрлерде!

Қиялыма, міне, мен — министрмін! Санамда белгісіз бір менмендік пайда болып, өзім де байқамай қуанып кеттім. Эмоцияның өсері шығар. Аймақтардан келген арыз-шағым, вице-министрлердің өтініші жайына қалып, өзімді ақ бұлттардың үстінде қалықтап жүргендей сезіндім. Айналам толы — сақшылар, шапқылаған көмекшілер. Қайда барсам да, алдын ала хабарланып, “Қош келдіңіз!” деген жазуы бар лента керіп, қарсы алады. Міне, саған эмоция!

Бірде көршім үйге келіп, бір зат сұрап еді. Дәл сол сәтте ренжу эмоциясына беріліп отырғанмын. Қайта келместей ғып қуып

шықтым. Ал келгенінде, тағы бір қуану толқынымен бір емес, екі сөз артық айтып жіберіппін. Неге десеңіз, ол кезде қуанып отырғанмын ғой!

Біздің жұрт сұхбат бергенде неге «ң»-ды «н» деп, «жанағы» деп сөйлейді десем, ол да эмоция екен. Мәдениетті, оқыған адам деп ойласын дейді екен. Әрі «ң» айту қиын — тілі келмейді-мыс...

Эмоция біздің қазаққа не істемеді десеңші! Тіпті өнер иелерінің өзін билеп алған. Сахнада кестөмін көрерменге лақтырып, өз иығына өзі қарап, қалтырап ән айтатын әншілерді көргенде, «Безгек шығар» деп ойлайтынмын. Сөйтсем, ол да эмоция екен. Мұның бәрі — қуаныш эмоциясы!

Енді ренжу мен қорқу эмоциясын да бастан өткізіп көрейін дедім. Свет, газ, төлем жетіспеушілігін есіме алып — ренжи қойдым. Жұмыссыздық пен қымбатшылықты ойласам — аяқ-қолым дірілдеп, қорқып кетем. Міне, саған субъективті реакция!

Біздің заң орындары да — бір бөлек эмоция. Бір емес, бірнеше бапшен үстіңе үйіп-төгіп айып тағады. Айыптың өзін сөйлегенде — эмоцияның көкесін көресің. Қорыққаннан қалшылдап жүруден қалдым.

Бір ғылым кандидатына барып, осы эмоцияға берілгенім дұрыс па десем:

— Дұрыс, — деді. — Француздар дұрыс айтты.


Психологқа барсам:

— Еш алаңдамаңыз, денеңізді бос ұстаңыз. Орталық жүйке жүйесі өзі реттейді, — деді.

Ұстадым денемді бос... Бірақ, эмоцияға берілгіштік қанымызда болса, мен қайтейін?

Содан кейін салық агенті де болдым, базарда талон жыртып, орын да саттым. Бәрінде де — эмоция бар. Әр жағдайдың өз эмоциясы. Сәтіне қарай — құбыла береміз.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«AluVerse» ЖШС, Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, «Ордабасы» индустриалды аймағы, 116 ғимарат мекенжайында орналасқан алюминий чушкаларын өндіретін зауытты пайдалану бойынша ІІ санатты объектісі үшін экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 28.08.2025ж., сағ. 15:00,

Талқылау өтетін орны: Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, «Ордабасы» индустриалды аймағы, 116.конф.зал «AluVerse» ЖШС. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «AluVerse» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFci9GWG9G-UVvk3L0gtMU9BRoltQT09&omn=76604546182>

Конференция идентификаторы: 486 952 9996,

Кіру коды: 777123

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы

сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобаны өзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС

эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Материалы для получения разрешения на воздействие на окружающую среду для объекта ІІ категории ТОО «AluVerse» по проекту эксплуатации завода по производству алюминиевых чушек, расположенного по адресу: г. Шымкент, ул. Капал батыра, индустриальная зона «Ордабасы», здание 116.

Дата обсуждения: 28.08.2025 г., 15:00ч.,

Место обсуждения: г.Шымкент, Енбекшинский р., ул. Капал Батыр, Индустриальная зона “Ордабасы”, зд. 116 конф. зал ТОО «AluVerse».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «AluVerse»

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFci9GWG9G-UVvk3L0gtMU9BRoltQT09&omn=76604546182>

Идентификатор конференции: 486 952 9996,

Код доступа: 777123

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на

Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group»

Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru Контактный тел: 8(776)7417047

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Орал Байтерек» балабақшасы» ЖШС «Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Мақталы ауылдық округі, Дархан ауылы, Еңбекші көшесі №10 мекенжайы бойынша орналасқан «Орал Байтерек» балабақшасы» ЖШС» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында ([https://ndbecology.gov.kz.](https://ndbecology.gov.kz/)) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 30.07.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Ясли-сад «Орал Байтерек» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «ТОО «Ясли-сад «Орал Байтерек» расположенного по адресу: Туркестанская область, Жетысайский район, Макталинский сельский округ, село Дархан, ул. Енбекши, №10» Проектная документация доступно на едином экологическом портале ([https://ndbecology.gov.kz.](https://ndbecology.gov.kz/)). Все замечания и предложения принимаются с 30.07.2025г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің еңбек сіңірген қызметкері, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Парасат» орденінің иегері, «Қазақстанның Құрметті азаматы», Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы», белгілі хирург

Дербісәлі СЕКСЕНБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы қазақ ақыны, драматург, аудармашы, сазгер. “Платина Тарланы” тәуелсіз сыйлығының лауреаты. Парасат орденінің иегері

Исраил САПАРБАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Риддер арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ директоры Ерік Аусанұлына анасы

Күлзия Оразбайқызы ЖАҚЫПТЕГІНІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.